

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТЕМІН»
Басқарма Төрағасы-Ректор
Д.К. Ахмед-Заки
2025ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M01563 - География-Тарих

Тіркеу номері	7M01500264
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7M01 – Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7M015 – Жаратылыстану пәндерінің педагогтарын даярлау
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	M015 – География-Тарих педагогтарын даярлау
БББ түрі	Қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқу тілі	қазақ, орыс
БББ көлемі	
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	

Құрастырушылар:

№	Т.А.Ә.	қызметі	КОЛЫ
1	Отарбаева Г.К.	Кафедра меңгерушісі, т.ғ.к., М. Әуезов атындағы ОҚУ доценті	
2	Тажмуханова Н.Е.	т.ғ.к., М. Әуезов атындағы ОҚУ аға оқытушысы	
3	Пазиров Е.Д.	М. Әуезов атындағы ОҚУ аға оқытушысы, PhD доктор	
4	Түзелбек Ә.Б.	магистр, М. Әуезов атындағы ОҚУ оқытушысы	
5	Алмаханқызы Р.	№7 Қ. Спатаев атындағы мектеп-лицейінің директоры	
6	Умарова А.С.	Т. Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясының директоры	
7	Апашева С.Н.	Ташенев университеті "Гуманитарлық ғылымдар" кафедра меңгерушісі, т.ғ.к., доцент	
8	Орынбасарова Г.Ж	"Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ", "Әлем тарихы және дінтану" кафедра меңгерушісі, т.ғ.к., доцент	
9	Пралиева С.	М. Әуезов атындағы ОҚУ МТП-24-4нк тобының магистранты	

Инклюзивті білім берудің жаңа моделі негізінде жаңартылған және Шымкент қаласы Білім басқармасымен келісінен

Білім басқармасының өкілі

Ш. Айтбаева

Оқу бағдарламасы «7М015 География-Тарих педагогтарын даярлау» даярлау бағыты бойынша академиялық комиссияда қаралды

Хаттама № 5 « 17 » 03 2025 ж.

АК төрағасы:

М.Ә. Ермекбаев

Оңтүстік Қазақстан университетінің Оқу-әдістемелік кеңесі отырысында қаралып, бекітуге ұсынылды

Хаттама № 4 « 18 » 03 2025 ж.

Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілді

Хаттама № 10 « 27 » 03 2025 ж.

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	Ғылыми және шығармашылық және қызметте географиялық және тарихи әдістер мен зерттеулерді қолдана отырып, білім саласында жоғары білікті оқытушыларды даярлау.
БББ міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> - География-Тарих саласында ғылыми-педагогикалық толыққанды және сапалы білім алатын, кәсіби біліктілігі жоғары, теориялық және тәжірибелік білімі терең магистранттарды дайындау; - География-Тарих ғылымының қолданбалы және теориялық ғылым бағыттары бойынша білімін кеңейту; - Кәсіби қызметте қажетті географиялық және тарихи зерттеулер мен бейінді пәндерді оқыту әдістемесі саласындағы іргелі білімді, дағдылар мен машықтарды қалыптастыру; - Әр түрлі деңгейдегі ғылыми іс-шараларға қатысу, ғылыми-зерттеу дағдыларын меңгеру, ғылыми даярлықты докторантурада жалғастыру; - Қоғамда әлеуметтік-жауапты мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы нормаларды ұстану; - Сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.
БББ үйлесімділігі	<p>Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-шы деңгейі;</p> <ul style="list-style-type: none"> - 7 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors; - Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); - Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	Қазақстан Республикасы ҒЖБ министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы №591 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және ЖОО кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына)» арналған кәсіптік стандартына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы бұйрығына бекітілген - "Педагог" кәсіби стандартына сәйкес жұмыс өтіліне талап қоймастан лауазымдарды атқаруға құқылы.
Берілетін дәреженің атауы	Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «7M01563 – География-тарих» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес, 2011 жылғы 09 маусымдағы №241, 2013 жылғы 27 желтоқсандағы №512 өзгерістері мен толықтыруларымен қоса, педагогика ғылымдарының магистрі біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман жұмыс өтіліне талап қойылмай, жоғары оқу орындарында ғылыми қызметкер, оқытушы (ассистент) лауазымын атқара алады.

Кәсіби қызмет саласы	Кәсіби қызмет саласында «ғылым», «білім» саласы болып табылады.
Кәсіби қызметтің объектілері	7M01563 - География-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші түлектерінің кәсіби қызмет нысандары: - Орта білім беру мекемелерінің барлық түрі мен типтері; - Техникалық және кәсіби білім беру ұйымдары; - Жоғары оқу орындары; - Ғылыми-зерттеу институттары (мекемелері); - Біліктілікті арттыру және білім беру жүйесінің қызметкерлерін қайта даярлау институттары; - ғылым, білім және мәдениет басқармасының мемлекеттік органдары; - табиғи қорықтар, ұлттық парктер, мұражайлар, мұрағаттар, мәдени этникалық орталықтары болып табылады.
Кәсіби қызмет пәндері	«7M01563 – География-Тарих» білім бағдарламасы бойынша магистрлердің кәсіби қызмет пәндері: - Инновациялық педагогикалық әдістер мен құралдарды қолдану арқылы білімгерлерге білім беретін және тәрбиелейтін ұйымдар; - Ғылыми-зерттеушілік жұмыстар; - Білім беруді басқаруда инновациялық үрдістерді қолданатын әрекеттер; - Жоғары кәсіптік білім берудің заманауи мәселелері мен даму тенденциялары.
Кәсіби қызмет түрлері	«7M01563 – География-Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша магистрлер келесі кәсіби қызметтерді атқара алады: - білім беру - педагогикалық; - ғылыми-зерттеушілік
Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері	7M01563 – «География-Тарих» білім беру бағдарламасы екінші деңгейдегі Дублин дескрипторларына сәйкес оқыту қабілетін болжайды: ОН1 Ғылыми зерттеулер жүргізу, нәтижелерін бағадау және интерпретациялау. ОН2 Оқу процесінде және оқытуда заманауи ақпараттық технологияларда ГАЖ технологиясын қолдану;; ОН3 Тұлғааралық қарым-қатынаста, кәсіби қызмет барысында, ғылыми мақалалар жазуда шет тілін білуін көрсету. ОН4 Жоғары мектеп оқытушыларының ғылыми еңбегін ұйымдастырудың деңгейлігін, ғылыми зерттеу әдіснамасының білімін, жаратылыстану пәндерін оқытуда тиімді әдістерді қолданудың эффективтілігін бағалау; ОН5 Білім беру мекемелері оқытушыларының біліктілігін арттыру жұмысы нұсқаларын ұсыну, оқу үдерісіне инновациялық білім беру технологияларын енгізу бойынша ұсыныстар жасау; ОН6 Оқылған материалды талдап, салыстырып, географиялық карталар мен статистикалық мәліметтерге сүйене отырып қорытынды жасау. ОН7 Орта және жоғары білім беру ұйымдарында білім беру қызметін әрекет тәртібін сипаттау, ұйымдастыру және тәжірибеде жүзеге асыру бағдарламаларын білікті зерттеу және сараптамалық бағалауды жүргізу;

	<p>ОН8 көптілді білім беру салаларында ғылыми зерттеулерді жүргізу және ғылыми зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізуге қабілетті болу;</p> <p>ОН9 Географиялық пәндерді оқыту әдіс-тәсілдерін таңдау мен қосалқы тарихи пәнаралық зерттеу методологиясын географиялық карталар жасауда пайдалану;</p> <p>ОН10 ЖОО-да оқытудың интерактивті формаларын ұйымдастыру, методикалық құралдар, бағалау құралдарын жасау, оқыту методикасы бойынша бейімделген бағдарламалар және тиісті оқу-методикалық материалдар әзірлеу, тиімді оқыту технологияларын таңдау;</p> <p>ОН11 Киелі жерлер нысандар картасын жасау; киелі жерлер географиясы бойынша жинақталған материалдар негізінде киелі орындарға туристік бағдарламалар әзірлеу;</p> <p>ОН12 Ұжымда әріптестер және басшылармен кәсіби қарым-қатынас орнату; әдеттен тыс жағдайларға бейімделе білу; тұлға аралық қарым-қатынаста, кәсіби қызмет барысында коммуникативтік қорлар мен технологияларды кіріктіру.</p>
--	---

3. БББ БІТІРУШІЛЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFT SKILLS). (Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық қасиеттер)	
ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзыреттілігі	<p>ЖҚ1.1. Өмір бойы кәсіби және жеке өсуге ұмтылу қабілеті</p> <p>ЖҚ1.2. Таңдалған траекторияда шегінде және пәнаралық ортада білімдерін үнемі жаңартып отыру, жоғары дербестік пен өзін-өзі реттеуі жоғары дәрежесімен одан әрі оқуды жүзеге асыру қабілеті</p> <p>ЖҚ1.3. Рефлексияға қабілетті болу, өз жетістіктерін объективті бағалау, жаңа құзыреттерді қалыптастыру және докторантурада оқуды жалғастыру қажеттілігін түсіну.</p>
ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік	<p>ЖҚ2.1. Келіссөздер жүргізу және іскерлік хат алмасу үшін мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде кәсіби саласында жеткілікті деңгейде коммуникацияға ие болу қабілеті.</p> <p>ЖҚ2.2. Медиация және мәдениетаралық түсіністік дағдыларын меңгеру қабілеті.</p>
ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілігі және ғылым саласындағы құзыреттілігі	<p>ЖҚ3.1. Зерттелетін саласында қолданбалы есептерді шешу үшін математикалық талдау және модельдеу әдістерін түсіндіру қабілеті.</p> <p>ЖҚ3.2. Ғылыми тәжірибелерді орнатуды жоспарлай білу, кәсіби салада ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін біріктіру және ендіру қабілеті.</p> <p>ЖҚ3.3. Педагогикалық және психологиялық ғылымның заманауи әдістерін талдап, түсіну және оларды педагогикалық қызметте қолдану қабілеті.</p>
ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық	<p>ЖҚ4.1. Заманауи ақпараттық-цифрлық технологияларды, жасанды интеллект жүйелерін жұмыста, демалыста және коммуникацияда сенімді пайдалана білу қабілеті.</p>